



Инфляциялық үрдістер


Қаңтар 2021

- Қазақстандағы жылдық инфляция 7,4%-ға дейін баяулады
- Азық-түлік бағасының өсуі жеделдеуі жалғасты
- Бензин бағасының дефляциялық динамикасы

2021 жылғы қаңтарда инфляция 0,6%-ды құрады, жылдық көрсеткіш өткен жылғы желтоқсандағы 7,5%-дан 7,4%-ға дейін сәл баяулады. Инфляцияға негізгі үлесті азық-түлік тауарларына бағаның өсуі қосады, қаңтарда 11,4%-ға дейін аздаған үдеу тіркелді. Күнбағыс майының (38,6%, ж/ж), қанттың (34,9%), жұмыртқаның (27,2%), көкөністердің (16,0%) одан әрі қымбаттауы байқалды. Жылдық дефляциялық динамика күрішке (-1,0%), құс етіне (-0,4%) сақталды.


Өсімдік майы бағасының ай сайынғы өсуі баяулауды жалғастырды, бірақ әлемдік нарықтардағы бағаның тұрақты өсуі аясында әлі де жоғары болып отыр. Ішкі нарықта күнбағыс майын өндіру 2020 жылы өткен жылмен салыстырғанда іс жүзінде өзгерген жоқ, алайда импорт көлемі қысқарды және экспорт өсті. Отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерінде соңғы айларда майлы дақылдардың, сондай-ақ жеке жылыжай көкөністері мен картоптың қымбаттауы байқалды.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-график. Майға бағаның өзгеруі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, www.fao.org

Азық-түлікке жатпайтын жылдық инфляция 2021 жылғы қаңтарда 5,3%-ға дейін баяулады. Инфляция құрылымында азық-түлік емес тауарлардың көпшілігі қалыпты өсу қарқынын көрсетті. Дәрі-дәрмектер мен жеке тауарлар бағасының өсуі біршама баяулады. Сонымен қатар, құрылыс материалдарының қымбаттауы байқалды. Әлсіз сұраныс жағдайында, сондай-ақ өткен жылғы қаңтарда бензинге акциздер өскен кездегі жоғары базаны қоса, бензин (-0,2%, ж/ж) және дизель отыны (-7%) бағаларының дефляциялық серпіні тіркелді.


Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 4,1%-ға дейін баяулады. Реттелетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсу қарқынының 2020 жылғы желтоқсандағы 1,6%-дан қаңтарда электр энергиясы бағасының төмендеуі нәтижесінде 1,2%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, қаңтар айында сұраныстың төмендеуіне және өткен жылдың жоғары базасына байланысты көлік қызметтері бағасы өсуінің баяулауы жалғасты. Атап айтқанда, автомобиль көлігі қызметтерінің үлесі төмендеді, әуе көлігі қызметтеріне дефляциялық динамика сақталды. Сонымен қатар, сервистік инфляцияға тұрғын үйді жалға алудың қымбаттауы (12,1%, ж/ж) жоғары үлес қосты.

3-график. Азық-түлік емес инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Ақылы қызметтер



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ